

## Инновациялық жобалар мен эксперименттік алаңдар

«Астана қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының «Инновациялық жобаларды енгізу мен жалғастыру туралы» 2023 жылғы 08 қыркүйектегі № 1887 бұйрығымен Ілияс Есенберлин атындағы № 67 гимназияда «SHARE» халықаралық жобасы 2023-2024 оқу жылында жалғастырылды. Аталған бұйрықтың аясында 2023-2024 оқу жылының 1-2 тоқсанында жүзеге асыру үшін «Dgmath.kz» инновациялық жобасы енгізілді. Гимназия директорының міндетін уақытша атқарушының 2023 жылғы 01 қыркүйектегі № 156 бұйрығымен «SHARE» халықаралық жобасының мектепшілік үйлестірушілері болып тарих пәні мұғалімдері Н.Б.Досова, Л.У.Байкушикова, «Dgmath.kz» инновациялық жобасының мектепшілік үйлестірушілері болып барлық математика пәні мұғалімдері бекітілді.

Гимназия 2019 жылдан бері SHARE жобасының тұрақты қатысушысы болып келеді. Жобаның мақсаты: Оқушылардың қажеттіліктерін терең түсіну; Мұғалімнің тәжірибесіне іс-әрекеттегі зерттеуді енгізу; Қолдау көрсететін рефлексивті мектеп мәдениетін құру. ИЖ аясындағы сыныптар: 1-4, 5-8, 9-10, білім алушыларының жалпы саны – 550 оқушы. ИЖ аясында педагогтердің жалпы саны – 67, 1-4 сыныптар арасында – 25 мұғалім, 5-8 сыныптар арасында – 17 мұғалім, 9-10 сыныптар арасында – 25 мұғалім. ИЖ аясында педагогтердің педагогикалық еңбек өтілі: 20-30 жыл. ИЖ аясында педагогтердің біліктілік санаты: педагог-зерттеуші, педагог-шебер. ИЖ аясында ұйымдастырылған семинарлар:

1.«Іс-әрекеттегі зерттеу арқылы шабыттандыратын 5 қадам» мектепшілік семинар.

2. « Мектеп миссиясына бағытталған тиімді жобалар» тақырыбындағы мектепшілік семинар.

3.«Мектеп пен отбасы: ізгілікті қарым-қатынас үндестігі» қалалық семинар.

4.«Мектеп миссиясына бағытталған тиімді жобалар» тақырыбындағы қалалық семинар.

5. « Lesson Study – педагогикалық әдістемені жетілдіруге бағытталған сабақты зерттеу әдісі» атты қалалық семинар.

ИЖ аясында WALS халықаралық конференциясы ұйымдастырылады. ИЖ аясында «Іс-әрекеттегі зерттеу – оқуды жақсартудың құралы» республикалық вебинарлары, «Іс-әрекеттегі зерттеуде бақылаудың маңызы» халықаралық шебер-сынып ұйымдастырылып тұрады. ИЖ аясында келесі тақырыптарда тренингтер ұйымдастырылды: «Зерттеудегі дерек жинау кезеңі», «Өзін-өзі реттеу». ИЖ аясында өткізілген іс-шаралардың мерзімі қыркүйек-сәуір аралығын қамтиды. ИЖ қатысатын сыныптар бойынша білім алушының білім сапасы – 84 %. ИЖ аясында ғылыми-әдістемелік қызмет мазмұны: ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу, БАҚ мақалалары, ОӘК шығару, WALS халықаралық конференциясына мақала ұсыну. ИЖ қатысатын топтардың курсы: «Іс-әрекеттегі зерттеу» тренері – 5 мұғалім. Досова Н.Б. Бектемірова Г.А. Жақсыбаев Д.М. Имашева Г.Д.Оңалбаева Г.Б.

Гимназияда жоба аясында 10 мұғалімнен тұратын негізгі топ (директор, директордың орынбасары, қалалық желілік үйлестірушісі, мектеп үйлестірушісі және мұғалімдері) және еріктілер тобы құрылған. Гимназия директорының ішкі бұйрығы негізінде жыл бойына екі циклды зерттеу сабақтары, семинарлар, тәжірибе алмасулар өткізіліп, мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес мектеп тренерлері мен мектеп көшбасшылары және ерікті топ мүшелері зерттеу сабақтарын бақылауға жұмылдырылды. Педагогтер мектептің «SHARE: Action Research» іс-әрекеттегі зерттеу ерікті топтарына оқу жылы көлемінде қатысты, модераторлық, ішкі және сыртқы сарапшылық, сабақты жоспарлап өткізуші рөлдерді орындады. NIS Педагогикалық шеберлік орталығы 2023 жылы 27-28 сәуірде ұйымдастырған «Lesson Study: рефлексивті тәжірибеден тұрақты көшбасшылыққа» I Ұлттық конференциясының екінші күнінде Ілияс Есенберлин атындағы № 67 гимназияға келіп сабақты бақылауға қатысқан конференция делегациясының алдында гимназиямыздың педагогтері зерттеу сабақтарын өткізіп, халықаралық және ұлттық сарапшылардың оң кері байланысын алған болатын. Конференция аясында гимназияның үш зерттеу шеберханасы: AR, LS, «Жүйелілік тұғыр» технологиясының тәжірибесі келушілердің назарына ұсынылды. Ұлттық деңгейдегі конференция тұңғыш ұйымдастырылуымен құнды. Бұған дейінгі 2012-2023 жылдарда әр өңірде жергілікті деңгейде ғана жұмыс жүргізілген болатын. Гимназия өзінің және ұжымының пайымына және қалауына негізделе отырып, SHARE халықаралық жобасын ары қарай жалғастыруға ниетті.

ҚР БЖҒМ-нің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 139 «Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу қағидаларын бекіту туралы бұйрығы, «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ басшысының 2023 жылғы 08 қыркүйектегі № 1884 «2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдарында эксперименттік алаңдар туралы» бұйрығы негізінде гимназия директоры міндетін уақытша атқарушының 2023 жылғы 02 қазандағы «2023-2024 оқу жылында эксперименттік алаң ашу туралы» бұйрығымен 2023-2024 оқу жылында эксперименттік режимде енгізуге ұсынылған білім беру бағдарламаларын сынақтан өткізу бойынша «Жүйелілік тұғыр» технологиясы арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру» тақырыбында эксперименттік алаңы 2 «Ж», 7 «В», 8 «К», 9 «Ә» сыныптарында шығармашылық топ пән мұғалімдерінің таңдауымен жекелеген пәндер бойынша енгізілді. Мектепішілік бақылау жоспарында бақылауға алу қаңтар айына белгіленіп, пән мұғалімдерінің эксперимент алаңы бойынша сабақтары бақыланды, талдау жүргізілді. Технология білім беруді жүйелендіруге, сол арқылы білім сапасын арттыруға бағытталған. Дегенмен, бақылау барысында эксперимент алаңын жүргізуге кедергілер көп кездесті, сол себепті сабақ сапасын арттыра алмады. Атап айтқанда, пән мұғалімдерінің әдістемелік, методикалық тұрғыдан әлсіз болуы, коммерциялық бағыттағы сүйемелдеуді жүргізуге мектеп бюджетінде қаражаттың болмауы, оқу құралдарының жетіспеуі, оқу

кабинеттерінің смарт-тақталармен жабдықталмауы, материалдық-техникалық мүмкіндіктердің төмен болуы, мұғалімдерді материалдық-қаржылай ынталандырудың болмауы жұмыстың өз деңгейінде жүруіне кедергі болып отыр. «Жүйелілік тұғыр» технологиясы арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру» эксперимент алаңының жұмысы бекітілген сыныптарда ерікті шығармашылық топ мүшелерімен педагогикалық үрдісте қолданылып келеді. Ақылы негізде «Global Sara» ЖШС арқылы 2022-2023 оқу жылында оқытудан өткен (сертификаттары аттестаттау кезінде жарамсыз деп танылды) 30 педагогтің 8-і ғана ерікті топ құрамында. Олардың жұмысты жалғастырудан бас тартуына байланысты оқу жылының аяқталуы кезеңінде эксперимент алаңын жабу туралы ұсыныс қарастырылу үстінде.

2023-2024 оқу жылының I жартыжылдық қорытындысы бойынша математика пәні әдістемелік бірлестігінің отырысы өткізіліп, пән мұғалімдерінің «Dgmath.kz» инновациялық жобасы жөнінде пікірлері хаттамаланды. Коммерциялық бағыттағы бұл жоба педагогтер тарапынан қолдау таппады, бұйрық жүзіндегі міндеттілік, мерзімнің аяқталуымен жұмыс тоқтады.

«Lesson Study» зерттеу топтарының жұмысы инновациялық жобаға жатпаса да, бастауыш сыныптардың 1-4 сыныптарындағы әдістемелік бірлестіктерімен педагогикалық үрдісте белсенді қолданылып, жыл қорытындысы бойынша аралық нәтижелері пәндік әдістемелік бірлестік отырыстарында қаралып, хаттамаланды. Қатарынан бес оқу жылы бойы (2020-2024) жүзеге асырылып келе жатқан «SHARE» халықаралық жобасы, эксперимент ретінде 2023-2024 оқу жылында I жартыжылдықта енген «Dgmath.kz» инновациялық жобасы, «Жүйелілік тұғыр» технологиясы арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру» эксперимент алаңы білім сапасын арттыруға, негізгі пәндерді тиімді оқытуға, педагогтердің зерттеу дағдыларын қалыптастыруға және арттыруға бағытталған.

Гимназияда жүзеге асырылып жатқан екі инновациялық жоба мен бір эксперимент алаңының әр жартыжылдықтағы есебі қашықтықтан гул-форма арқылы есептік кезеңде қалалық әдістемелік орталықтың әдіскерлеріне жіберіліп отырады.

## **Инновациялық жобалар мен эксперименттік алаңының тиімділігіне SWOT-талдау**

### **Күшті жақтары:**

- Зерттеу туралы нақты түсінік бар;
- Әр мұғалім өз тәжірибесіне енгізуде;
- Көшбасшы мұғалімдер қолдауы;
- Зерттеу бойынша тренерлер;
- Жобаға қатысушы мектептер арасындағы серіктестік;

- Зерттеу топтарының халықаралық конференцияларға қатысуы;

### **Әлсіз жақтары:**

Мектеп құндылығы, миссиясы, ұстанымы мен оқу бағдарламасының әліде үйлесім таппауы;

- Мұғалімдердің берілген тапсырма мен шектелуі;
- Мұғалімдердің өзін өзі бағалауы мен өз ара бағалауы;
- Рефлексивті ортаның әлсіздігі;
- Рефлексивті диалогтың жүйелі болмауы;

Мамандардың тұрақсыздығы.

### **Қауіптер:**

- Тәжірибеде алған білімді қолданбауы;
- Мұғалімдер өзіндегі кедергіні ашық айтпауы;

### **Мүмкіндіктер:**

- Мектеп миссиясының тәжірибеге жүйелі түрде енгізуі;
- Зерттеу арқылы тәжірибеге өзгеріс енгізуі;
- Дәлел негізіндегі тәжірибені жүргізу және бағалау;
- Зерттеу арқылы рефлексивті зерттеуші қоғамдастығын құру.

### **Ұсыныс:**

- Зерттеу сұрақтары мен сабақ жоспарларының үйлестіруі;
- Зерттеу әдістерінің валидтілігін арттыруда, баламалы зерттеу әдістерін ұсыну;
- Зерттеу сұрағы мен зерттеу әдістерінің сәйкестендіруі;
- Талдау, кері байланыс, рефлексиялық есеп жазуды жетілдіру.